

Шемонаиха аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 53/5-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 маусымда № 7200 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабы 2-тармағына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Шемонаиха аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 38/4-V " Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4459 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

2) Шемонаиха аудандық мәслихатының 2019 жылғы 16 шілдедегі № 42/3-VI " Шемонаиха аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 38/4-V " Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6083 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған).

2. Осы шешім 2020 жылғы 6 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Геберт

Шемонаиха аудандық мәслихатының хатшысы

А. Боровикова